



(Figure 1, Summary)

былады», деп жазған болатын. Яки Абайда білім де, шеберлік те, сыншылық та болды. Соның арқасында Абай өлендері қазақтың құнарлы да шұрайлы сөздері топтасқан нағыз тағымалы айналды. Ол қазақтың әдеби тілін құнарландырып, қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді. Қазақ поэзиясына философиялық тереңдік, психологиялық талдау және жаңа стиль енгізді. Мұны Ахмет Байтұрсынұлы: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, тапқан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, те-

Абай – біз үшін биік тұлға. Ал Абайдың мұрасы, Президент айтқандай, «біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын кәстерлі құндылық». Ендеше, осы құндылықты қадірлеудің ешуақытта ұмыт қалдырмауымыз қажет.

Сондай-ақ казак ойын жана арнаға түсірген Абай өзі «ескінің арты едім» дейді. Жаңаның басын өзінен кейінгі буыннан, Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлдарының замандасы Әбдірахманнан көріп отыр. Бұл да хакімнің бір даналығы, келер заманды оймен болжап отырған көпегендігі болса керек. Алла казак ренесенің

Хакімнің туғанына 180 жыл толуын мерекелеу – Абай рухына тағзым ғана емес, Абайды жаңа қырынан танымының мол рухани байлығынан тағылым алатын елдік мейрам, ұлттық толғам болуы тиіс. Себебі неміс журты үшін Гете, қытай халқы үшін Конфуций қандай құрметте болса, біз үшін Абай сондай. Ол «Адамзаттың бәрін сүй» деген дегдар гуманизмді «бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен, істің бәрі бос» деген ұлттық бірегейлікті өсиет еткен данышпан. Үндінің ұлы дегдары Рабиндранат Тагор: «Адамзат мәдениетінің

Бүгінде ұлттық идеологияда Абай идеялары басты орнына қойылып, Абай ауданымен Семей қаласының символдық маңызы артты. Семей бірнеше ғасырдан бері ұлттық ойдың бастауы, ұлттық өркенітінің ең мәнді нүктесі болып келе жатқаны белгілі. Абай, Алаш арыстары – бөрінің негізі рухани орталығы осы ескі шаһар болғаны бүгінде барлық отандастарымыз үшін мақтанш. Абайдың туған өлкесі – Жидебай мен Шыңғыстау бірте-бірте әлемдік зиярат орнына айналып келеді.

Сөз соңында өгілгі испан ғалымы, кезіндегі ЮНЕСКО бас директоры Федерико Майордың «Абай – заманалар есімін өшіре алмайтын дана» деген байламы ойға оралып отыр. Иш, Шыңғыстаудың бауырында туып, даналықтың шынына шыққан хакім Абайдың есімін ешпандай уақыт даулы заман құйыны өшіре алмайды. Абайдың рухы қазақ халқының өркенітінің өзегі. Біздің дамуымыздың қозғаушы күші болып қала бермек.



(Басы 1-бетте)

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр... Болыспен биді құрметтейін десең, құдайдың өзін берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатылған, жалынатып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Мықтыны құрметтейін десен, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ. Есті кісіні тауып құрметтейін десен, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Құлық, сұмдық, арамдық, амаңға елдің бәрі де есті.

Ғаріп-қасар бишараны құрметтейін десен, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені ептеп ілерлік те жайы бар. Енді қалды қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, сауатпай тыныштық көрер емес.

Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып шашылған болыс-амалға тұра тұрсын. Енді, әлбәтте, билер жок, момындығынан «Ырыс баққан дау бақпас» деген мақалмен боламын деп, бергенінен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, құларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң һәм соның тілеуін тілемесен болмайды. Сонан басканы таба алмайды.

— Байды мактап, малын дәмөтү — Сиз өмір сүрген сол заманның, біз ғұмыр кешіп отырған қазіргі қоғамның бір дерті болды ғой. Күр мактаннан қалай құтылмақ керек?

— Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы — қыян ыс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік — адам ішінен өзін-өзі бағалай есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайда-сыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді — осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлап біліп, өзін ондайлардан зор есептемек.

Бул минез — акылдылардын, арлылардын, артыктардын минези. Олар өзүмдү жакшы демесе, майыл билсин, жаман дегизбесем экен деп азаптанат. Екинчи, мактаншак деген бизинин «демесин» демейди, «децин» дейди. Бай десин, багыр десин, ку десин, пысык десин, эрдайым не түрлү болса да, «децин» деп азаптып жүрүп, «деме-синди» умытып кетеди. Умытып түгүл, әуелі ис экен деп ескермейди.

Мундай мактаншактардын өзі үш түрлү болады. Біреуі жатка мактанарлык мак-



Бұл мінез — ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзiмдi жақсы демесе, мейлi бiлсiн, жаман дегiзбесем екен деп азаптанады. Екiншi, мақтаншақ деген бiреуi «демесiн» демейдi, «десiн» дейдi. Бай десiн, батыр десiн, қу десiн, пысық десiн, әрдайым не түрлi болса да, «десiн» деп азаптанғын жүрiп, «демесiндi» ұмытын кетедi. Ұмытпақ түгiл, әуелi iс екен деп ескермейдi.

танды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес.

Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді.

– Қазір қазақ үшін «қам» жегендер көп. Бірақ көбінің түпкі мақсаты – жеке мүддесін қорғау. Қазақты түзеймін деген адамға қандай қасиет қажет?

— Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп кам жеген адамға екі нәрсе керек. Әуелі — бек зор өкімет, жарық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде қол еспесіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хатта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жаксы дін танырық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жоға салып, тағлым берсе, сонда түзелер еді. Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірерлік дәулет бір кісіге бітуге мүмкін де емес.

Қазықты я қорқытып, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен нандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаны бар ма, пыш-пышсыған

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ:

ӘРБІР
НӘРСЕНІҢ
ӨЛШЕУІН
БІЛМЕК КЕРЕК

тілегенін өзін көрдім. Онысы — жас ба-
ладан гүрі өсті есті қай болып, ескерме-
нәресі жоқсып, қайғылы қай болғаны-
ғаны. Қайғысы не десен, мақалдарынан
танырсың: әуелі — «Түстік өмірің болса,
күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, әкенде
жат», «Мал — адамның бауыр еті», «Мал-
дының беті — жарық, малсыздың беті —
шарық» деген осындай сөздері көп, есепсіз
толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазак тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін кам жемейді екен, мал үшін кам жейді екен, бірақ ол малды калайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмак яки мактап алмак екен, бермесе оныменжан жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да үят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, кулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтын қайсысын болса да қылғып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.

Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозатқан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіміз болмаспақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?

— Мал табама деп ардан безуді жаратпайсыз. Мал таппай, жұмыссыз жүру деген жаманға үйір болумен пара-пар болған заман келді. Қазіргі жастар ауыр мейнәт көрмей көп мал тапсам дейді...

– Казактын жаманшылыкка үйр болуу беретүүнүн бир себебі – жумьсынын жоктыгы. Егер егін салса, ж саудага салынса, колы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылга, біреуден бир жылкыннын майын сүрап мініп, тамак асырап, болмаса сөз аныдап, кулық, сүмдыкпенен адам азырмак үшін, яки азырушылардын кенесине кіркем үшін, пайдадасы, жумьссыз кангырып жүруге күмар. Дуниелік керек болса, адал енебке салынып алган кісі ондай жүрісті иттей корлык көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезгендікке салына ма?

Малдылар малын өңкей малшыларға, бала-шағаға тапсырып, қолдағы құдай берген азаға-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына шыдайды. Пыш-пыш кеңестен калып, бір ауылға барып, қулық, сұмдық жасап жүріп, тегін тамақ жеп, ыржындауды қысыратуға шыдаймайды. Не үшін десен, халыққа әдет жол болған соң, шаруаға пысық, мал бағуға, мал табуға пысық ол өнерлі кісіге қосылмайды, я өзі пәле шығаруа пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім», «білгенім» деп елге жайып жүріп, ырбаңдауа пысық өнерлілерге қосылғандар көрінеді.

Сол үшін осы күнгі қазақтың іске жараймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, «көре жүр, көздей жүр» деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып, ел кезуге салынады.

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абыуыр да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу – мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы кейде де болса, аз да болса орны төрде, майлы атқа, майлы етке қолы жетеді. Желөкпеуе, мақтаншақ байларды: «Сіз айтсаңыз, отқа түсуге бармын» деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ, содан алып киімін бүтейтін киіп, тәуір атын мініп алып, қатарлы бір құрметке жетіп жүре береді.

— Адам баласының ең жаманы талапсыз дейсіз. Бұл не нәрсеге талапсыздық? Талдап беріңізші.

— Талап кылушылар да неше түрлү бол-
лот. Һәм талаптын өзү де түрлү-түрлү. Һәм
сол талаптардын кайсысынын соңына
түссө де, биринен бири өнөрлү, түрлаулырак
келетди. Уа, локин адам баласы я талапты,
я талапсыз болсын, ыйтеүир «бөрөкелдині»
керек кылмайтуғыны болмайды. Әрнешик,
орынсыз да, орынды ма, «бөрөкелді» деу-
шүн көңіл іздеп туралды. Адам баласы өзү
кай жолда, кай майданда жүрсө, сол май-
дандагы кісімен сырлас болады. Онын
үшін өзге жолдагылардан «бөрөкелдині»
онды күтпейди. Маған «бөрөкелді» десе,
осы өзиммен сиратес, сырлас осылар
«бөрөкелді» дер дейди.

Талаптын ішінде адам баласы көбінесе басына қадір іздеп, сол талапта болады. Біреу мал қуып жатыр. Сарандықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтұғын, «Малдың бети жарық» дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса.

малдыны сөгө алмайды деп, бул мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойына дейді. Мұнысы рас, қазактын өз құлқына қарағанда. Бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазак түгіл, көңіл жиіркенетұғын ас. Осыған орай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол харекетте жүр.

Әрқайсысы қазаққа яки бірі бар, бірі жок болса, бағанағы екі бұлдамак та болып, басына «осыным бірсыпыра елеу азык болар» деген талаппенен кылып жүр. Мұнысы казактын тамырын ұстап-ұстап карайды дағы, «мынаны алып келіп берсе, кымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, казактын өз бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітап бетінен оқып іздеген талап емес.

Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғыбадат кыл дейді. Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңды қыла бер, көкіректі тым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап, қайдан оқып, біліп, ұмытқан талап екенін білсін.

— Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспей-тұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Сізді ойландырған сұрақты өзіңізге қайыра қойсам...

— һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдәкәшан байқаған: әрбір жалқау кісі коркак, кайратсыз тартады; әрбір кайратсыз коркак, мактаншак келеді; әрбір мактаншак коркак, акылсыз, надан келеді; әрбір акылсыз надан, арысз келеді; әрбір арысз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, өшкімге достығы жок жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтетіннен басқа ойынғын жоқтығынан, өзге егін, саула, өнер, ғылым — солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімді де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақырмақ, өздері етке, қымзыға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ, еттеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек — әр қазақтың ойы осы.

Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы барсыр еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, білікке таластық.

– Қазіргі жаңа әрі жас буын өкілдеріне қандай насихат айтасыз?

– Әрбір жаксы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жаксы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қиялы болып та кеткені болады. Ішпек, жемек, кимек, құлмек, көңіл көтермек, құшпак, сүймек, мал жимак, мансап іздемек, айялы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінiң де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады. «Ненің қызығын көп іздесен, соның күйігін бір тартасың» деген.

Акылды кісі мен акылсыз кісінің, ме-
нін білуімен, бір белгілі паркын көрдім.
Әуелі – пенде адам болғы жаратылған соң,
дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре
алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген
кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып
ойында қалады. Сонда есті адам, орынды
іске қызығып, құмарланып іздейді екен
дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл
сүйсінгенді болады екен. Оған бұл өткен
өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есеп кісі орнын таппай, не болса сол бір баянысыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Жастықта бұл қызықтан соң жөне бір қызық тауып алатын кісімісп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны катып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат кылға жарамай қалады екен.

Үшінші – әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректігі караушылардың көзін ашып, «ананымынаны» дегізіп, бойды сынататығын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды колдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденелі екен.

Егерде есті кісілердің қатарында болғын келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзінен өзін есеп ал! Сол алдығы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздік екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзін өкінбестей қылықпен өткізгісіпсің? Жок, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзін де білмей қалыппысың?

**Ретроспективалық сұхбатты жүргізген
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ**

Төрәлі ҚЫДЫР,
ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу
институтының директоры



**Қуат ҚИЫҚБАЙ,
Абайдың «Жидебай-Бөрілі»
мемлекеттік музей-қорығының
бөлім меңгерушісі**

«БІРЕУЛЕР ҚҰДАЙДАН БАЛА ТҮЛЕЙДІ. ОЛ БАЛАНЫ НЕ ҚЫЛАДЫ? ӨЛСЕМ
ОРНЫМДЫ БАССЫН ДЕЙДІ, АРТЫМНАН ҚҰРАН ОҚЫСЫН ДЕЙДІ,
ҚАРТАЙҒАН КҮНІМДЕ АСЫРАСЫН ДЕЙДІ. ОСЫДАН БАСКАСЫ БАР МА?»

КЫЗЫРҒАЗЫ МӘЛІКҰЛЫ

